

Ақтөбе қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 284 "Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 616 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 7856 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 116 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 15.12.2021 № 116 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) бұйрығына, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 77 "Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4275 тіркелген) қаулысына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 284 "Ақтөбе қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4182 тіркелген, 2015 жылғы 3 ақпанда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешіммен бекітілген қосымшада:

қазақ тіліндегі шешімнің, реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"

	Жайлы үйлер	1 тұрғын	2,01
--	-------------	----------	------

1	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,3
---	------------------	----------	-----

”;

қазақ тіліндегі шешімнің, реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

”

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,76
---	---	-------------	------

”;

қазақ тіліндегі шешімнің, реттік нөмірі 28-жол мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

”

28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,2074
----	--	------------------	--------

”.

2. "Ақтөбе қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді, оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қалалық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық
мәслихатының сессия төрайымы*

*Ақтөбе қалалық
мәслихатының хатшысы*

А. Бактығалиева

С. Шинтасова